



Бекітемін

Жұмабек Ташенев атындағы
университет ректоры

Қ.С. Байболов

2022 ж

САПА МЕНЕДЖМЕНТИ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-14-22

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Алғы сөз

Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректормен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

1. Өзірлеген - Әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор
Д.Ө.Әли
2. Келісілді - Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастырушы бөлімінің
басшысы: Ж.А.Нурмаганбетова
- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны
басқару бөлімінің басшысы: Ж.Д. Абдуллаева
3. Жұмабек Ташенев атындағы университет Ғылыми кеңесінің 31 08 2022
№ 2 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
4. Енгізілді - 2022
5. Тексерілу мерзімі - 2024

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Шымкент, 2022

Жұмабек Ташенев атындағы университеті		УЕ-14-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		5 беттің 2-беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже - жұмыскерлер және білім беру қызметін пайдаланушылардың құқығы мен еркіндігін қорғауға, сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқықбұзушылықтың алдын алу, анықтау, тоқтату және ашу жолымен, олардың салдарын жою және айыптыны жауапкершілікке тарту арқылы профессорлық-оқытушылық құрам (бұдан әрі-ПООҚ), лауазымды және басқа тұлғалардың (бұдан әрі-ЛБТ), сонымен қатар университетте оқитындардың нәтижелі қызметін қамтамасыз етуге;

- университетті басқаруда демократиялық бастауды, жариялылықты және бақылауды өрістетуге, студенттердің университет, факультеттер басшыларына, бөлімше басшылары және университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына, лауазымды және басқа тұлғаларға сенімдерін ұлғайтуға бағытталған.

Ереже қызметкерлердің өз еңбек міндеттерін заңды, саналы түрде орындауын ұлғайтуға, сатылмау үшін жағдай жасауға мүмкіндік туғызады.

1.2 Осы ереже «Сырдария» университетінің сапа менеджменті жүйесінің II деңгейдегі құжаттарының құрамына кіреді.

1.3 Осы ереже авторлық құқығы бар нысан, деректер басқа мекемелерге ректордың рұқсатынсыз жіберілмейді

2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V бұйрығына сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.

ХС ИСО 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

3. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже бойынша жемқорлық деп отырғанымыз заңда қарастырылмаған, өзінің лауазымдық өкілеттігін қолданумен және олармен байланысты мүмкіндіктер немесе олардың мүліктік пайда алу үшін өз өкілеттігін басқаша қолданумен жеке өзі немесе делдал арқылы алынған мүліктік игілік және артықшылық.

Осы Ережеде, Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы ереже» Заңында, сонымен қатар басқа заңдармен қарастырылған жемқорлықпен қабысқан немесе жемқорлық үшін жағдай жасайтын, белгіленген заңнамамен тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартатын әрекеттер жемқорлықпен байланысты (жемқорлық құқықбұзушылық) құқықбұзушылық болып табылады.

Университеттің барлық жұмыскерлері мен білім алушылары заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуді, заң бұзушылық себептері мен жағдайын анықтауды және жоюды, жұмыскерлер мен білім алушылардың бұзылған құқығын қалпына келтіруді, нормативті құқықтық актілерді анық және біркелкі қолдануды және міндетті нормативтік акт талаптарын Қазақстан Республикасының заңды актілеріне сәйкес орындауды жүзеге асыруы қажет.

3.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес принциптері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл келесі негізде жүзеге асырылады:

- барлығының заң және сот алдында теңдестігі;
- қоғам қызметіне анық құқықтық тәртіп белгілеуді қамтамасыз ету, мұндай қызметтің заңдылығы және жариялылығы;

Жұмабек Ташенев атындағы университеті		УЕ-14-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		5 беттің 3-беті

- университет құрылымын, кадр жұмысын және жұмыскерлер мен білім алушылардың құқығын және заңды қызығушылығын қозғайтын мәселелерді шешу рәсімін жетілдіру;
- жұмыскерлер мен білім алушылардың құқығын және заңды қызығушылығын қорғау басымдығы;
- жұмыскерлер мен білім алушылардың бұзылған құқығын және заңды қызығушылығын қалпына келтіру, жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және алдын алу;
- жемқорлық құқықбұзушылықпен күреске жәрдем беретін тұлғалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жемқорлықпен байланысты қылмысты анықтау, ашу, бұлтартпау және алдын алу мақсатында ақпараттық қызметті жүзеге асыру;
- жемқорлық құқықбұзушылықтың респонденттерін анықтау мақсатында білім алушылар және университет жұмыскерлерімен сауалнама жүргізу.

4. ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

Білім алушылар және университет жұмыскерлері жемқорлық құқықбұзушылықты болдырмауға және шамаланған жемқорлық әрекеттер туралы жауапты орындарға немесе құзырлы органдарға тез хабарлауға міндетті.

Жемқорлыққа қарсы күрес бойынша «Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг» бөлімі жылына екі рет білім алушылар арасында сауалнама жүргізеді.

Білім алушылар сауалнамасының нәтижелерін «Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг» бөлімі анықтайды. «Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг» бөлімі университеттің Ғылыми кеңес мүшелеріне сауалнаманың нәтижелерімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Осы ереже талаптарының негізділігі мен мазмұнына сапа менежменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінің маманы жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастырушы бөлімінің басшысы:



Ж.А.Нурмаганбетова

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы



Ж.Д. Абдуллаева

Жұмабек Ташенев атындағы университеті		УЕ-14-22
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес		5 беттің 4-беті

Қосымша 1

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АКТ

Оқытушыны АЖТ:	Пәні:
Телефон:	Факультеті
E-mail:	Білім алушының аты: _____
	Оқитын тобы: _____
Бұзылған тәртіптің сипаттамасы (мерзімі, уақыты, орны және т.б.) <i>(қажет деп тапқан жағдайда қосымша бет тіркеледі):</i>	
Пән оқытушысы, емтихан алушы (ғылыми жетекшісі) өкілінің қолы және мерзімі: астын сызу керек	
Білім алушының қолы мен мерзімі:	

